

**D.A. Kunaev and the problem of changing the borders of Kazakhstan**

This article discusses the problem of changes of borders and territorial integrity of Kazakhstan in 1950–1970s of the Soviet era. It was during the leadership of Governmental Bodies D.A.Kunaev as head of government of the Kazakh SSR and the first secretary of the Communist Party of the Kazakh SSR, the leadership of Kazakhstan had to defend a significant part of the southern, western, northern border areas of their transfer to neighboring republic.

ӘОЖ 323:35.08 (574)

Б.К.Адамбек

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: serstam@mail.ru)***Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы Д.А.Қонаевтың рөлі**

Мақала қазіргі заманның аса көрнекті партия және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың ерен еңбегі мен қызметін көрсетуге арналды. Көптеген деректі материалдарды пайдалану арқылы осы кісінің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан зор үлесі айқындалды. Сонымен қатар Д.Қонаевтың басқару кезеңіндегі Қазақстан Кеңес Одағының ең ірі және дамыған республикаларының біріне айналғаны көрсетілді.

*Кілтті сөздер:* Коммунистік партия, республика, әлеуметтік-экономикалық даму, мәдени даму, мемлекеттік қайраткер, Алматы қаласы, Ғылым академиясы, өндірістер, өнім, кәсіпорын.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына Д.А.Қонаев зор үлес қосты. Ол жай жұмыскерден бастап әлемге әйгілі Кеңес Одағының белгілі партия және мемлекет қайраткеріне айналды. Атап өтсе, Д.Қонаев Балқаш, Қоңырат, Риддер құрлыстары кезінде басқарушы қызметке ілігіп, кейін Қазақстан Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары, Қазақ ұлттық ғылым академиясының президенті, Қазақстанның Министрлер Кеңесінің төрағасы, ал 1964 жылдан 1986 жылға дейін Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының Саяси Бюросының мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы болды.

Қай қызметте жүрсе де Д.А.Қонаевтың республикамыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайына көп назар аударуында белгілі себептері де болды. 1936 жылы Мәскеудегі түрлі-түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетін бітірген жас маман Қоңырат-Балқаш құрлысына арнайы жолдамамен жіберілді. Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы жағдайға тоқталып: «Біз ескі буын адамдары Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталықтарының қандай қиын жағдайда салынғанын есте сақтап келеміз. Көптеген құрлыстар республиканың ел тұрмаған далалы және шөлді жерлерінде салына бастады. Сол уақытты қайта-қайта еске алудың көп себептері бар, өйткені сол кездегі еңбегіміздің қазіргі күнмен сабақтастығы бар, сонымен қатар ол кездегі жұмысымыз біз үшін өмір мектебі және ең басты университетіміз болды»,— деп жазды Д.Қонаев өзінің кейінгі кездегі естеліктерінде [1].

Қоңыраттағы жұмыс кезеңінде Мәскеудің әйгілі институтын бітіріп келсе де Д.Қонаев ең басынан «портфельге» таласпай, жарты жыл бойы бұрғылаушы станоктың жұмыскері болып істеді. Осындай қарапайым жұмысшының қызметін атқарғаны оған қатардағы жұмысшылардың жұмысын, олардың күнделікті өмірін және психологиясын түсінуге мүмкіншілік жасағандай болды. Осы кезден бастап жас инженер Д.Қонаев қандай қызмет атқарса да, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына көп мән беретін болды және осы маңызды мәселені өз назарынан тыс қалдырған жоқ. Мысалы, Қоңырат, Балқаш және Риддер құрлыстарында жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету ең күрделі проблемаларының бірі болды, сондықтан біртіндеп басшылық қызметке араласқан жас инженер

тұрғын үй құрлысына көп мән беріп салынып жатқан жұмысшылар поселкелерінің тез және сапалы салуын күнделікті қадағалап жүрді. Риддерде кен басқармасының бастығы болып тұрғанда ол кісі осы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосты. Осындай қызметі үшін Д.Қонаев 1939 жылы Мәскеуде М.Калининның қолынан «Еңбектегі ерен қызметі үшін» атты медаль алды.

1942 жылы Ұлы Отан соғысы кезінде Д.Қонаев Қазақстанның Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Осы кезеңде ол кісінің басқаруымен Қазақстанда көптеген өнеркәсіп орталықтары іске қосылып, олар майданға ерекше көмек көрсетті, әсіресе бұл уақытта Қарағанды, Өскемен, Балқаш, Жезқазған және т.б. ірі өнеркәсіп орталықтары қалыптасты, солардың әлеуметтік-экономикалық дамуында Д.Қонаев үлкен қызмет атқарды, сонымен қатар жас мемлекет қайраткері көптеген кездесулерде, митингтерде жалынды сөз сөйлеп еңбекшілерді аянбай майданға көмек көрсетуге шақырды [2].

1952 жылы Қ.Сатпаевтың орнына Д.Қонаев Қазақ Ұлттық ғылым академиясының Президенті болып сайланды. Осы кезеңде Ғылым академиясына 13 адам толық және 16 адам корреспондент мүшелері болып сайланды, мұның өзі республикадағы басты ғылым орталығының жұмысын жақсартып жандандырды. Академия президентінің басқаруымен жаңа перспективтік фундаменталдық және қолданбалы зерттеулер жүргізілді, ғылыми жұмыстардың сапалы жүргізілуіне көп көмек көрсетілді, сонымен қатар ғалымдардың өнеркәсіп орталықтарымен байланыстары жаңа деңгейге көтерілді және минералдық шикізат комплекстерін қолдануда жаңа ғылыми бағыттар орын алды. 1955 жылы Д.Қонаев Қазақстанның Министрлер Кеңесінің басшысы болып тағайындалғанда, Қазақ ғылым академиясының президенттігіне қайтадан Қ.И.Сатпаевты сайлатқызады [3].

1955 жылдан Қазақстан үкіметінің басшысы қызметінде, кейін Қазақстан Компартиясының Бірінші Хатшысы қызметінде де Д.Қонаев бүкіл Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізуде басты рөл атқарып отырды. 1955–1985 жылдары Қазақстан экономикасы 7 есе өсті [4], көптеген кәсіпорындармен қатар республикада жүздеген жаңа мекенжайлар пайда болды, 63 жұмысшылар поселкелері мен 43 қала салынды [5]. Осы кезеңде көптеген жұмысшылар поселкелеріндегі және қалалардағы еңбекшілер сапалы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Әсіресе Теміртау, Арқалық, Жаңатас, Қапшағай, Қаражал, Сатпаев қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуларына үкімет жағынан көп көмек көрсетілді.

Д.Қонаевтың республика астанасы — Алматының дамуына қосқан үлесі өте зор болды. Өткен ғасырдың 30–50-жылдары Алматы қаласында көбінесе 1–2 қабатты тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар болатын, өйткені 1854 жылда салына бастаған қалада бірнеше рет жер сілкіну және сел болып оның үйлері мен ғимараттары жермен жексен болған. Осыған байланысты қалада көп қабатты үйлер салынбайтын болды, сонымен қатар халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету басты проблемалардың біріне айналды. Осы проблемаларды шешуде Д.Қонаевтың басқаруымен көптеген мәселелер өз шешімдерін тапты. Оған дәлел ретінде мынандай дерек келтіруге болады — тек 1955–80-жылдары Алматыда жаңа 12 ықшам аудандары салынып іске қосылды, сөйтіп мыңдаған жұмысшылар мен интеллигенция өкілдері тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Осы жылдары Алматы қаласының жаңа архитектуралық жобасы жасалып, қаладағы барлық құрылыс сол жоба бойынша салынды. Сол жобаны жасауға Кеңес Одағының көптеген қалаларының сәулетшілері тартылып, олар өздерінің әр түрлі архитектуралық жобаларын ұсынып, соларды іске асыруға белсенді қатысты [6]. Енді 1–2 қабатты үйлердің орнына Алматыда бүкіл Одаққа белгілі болған ірі әкімшілік ғимараттар, және көп қабатты үйлер мен әлеуметтік құрылыстар көптеп салына бастады. Атап отырған уақытта Алматыда: Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғимараты, Пионерлер сарайы, Достық үйі, Мемлекеттік цирк, Ғылым академиясының ғимараты, Мемлекеттік музей, жаңа Қазақ және Орыс драма театрлары, 25 қабатты «Қазақстан», көп қабатты «Отырар», «Алматы», «Алатау» қонақ үйлері іске қосылып, қаланың көріктеріне айналды.

Алматыда жаппай тұрғын үй құрылысы жүріп жатса да көптеген адамдарға пәтер алу қиын болды. Сол кездегі қаланың Фрунзе ауданын басқарған Сұлтан Жиенбаев былай деп еске алады: «Бір күні Д.Қонаев үй ала алмай жүрген қаланың байырғы тұрғындарының тізімін сұрады, біз ол тізімді дайындап бердік, бір айдан кейін Алматының жер кепе үйлерінде тұратын 20 жанұя жаңа пәтерлерге көшті» [7]. Осы оқиға нені көрсетеді? Көп адамдардың, әсіресе қарттардың үй ала алмай жүргенін білетін Димекең мүмкіншілік болғанда оларға өзі кірісіп үй бергізіп тұрған, сөйтіп, ол кісі қаланың байырғы тұрғындарының қамқоршысы болғанын байқаймыз.

Осыған орай тағы бір мысал келтіруге болады. Д.Қонаев әйгілі композитор Ш.Қалдаяқовтың әндерін жақсы көрген екен. Бірде ол кісі атақты композитор Н.Тілендиевке Ш.Қалдаяқовты шақырып

кел деп тапсырма береді. Бірнеше күннен кейін Ш.Қалдаяқов Н.Тлендиевпен бірге Д.Қонаевтың қабылдауында болады. Осы кездесуден кейін Д.Қонаев Шәмші Қалдаяқовқа Алматының орталығынан үй беруге және оның шығармаларын басқызып шығаруына көмек көрсетеді. Бұл дерекке қарасақ, Д.Қонаев қазақ өнерінің әйгілі өкілдерінің әлеуметтік жағдайына көп мән бергенін байқауға болады.

Сонымен қатар аталып отырған кезеңде республика астанасында ірі спорт нысандарын салу қолға алынды, солардың ішінде: 5 мыңдық Спорт сарайы, Алатау қойнауында әлемге аты шыққан «Медео» мұз айдыны және 30 мың көрерменге арналған Республикалық Орталық стадион т.б. атауға болады.

70-жылдары Алматы өңірі су тапшылығын көп көрді, сондықтан осы проблеманы шешу үшін Қазақстан үкіметі Мәскеуден көмек сұрады, бірақ Орталық шешім қабылдауға асықпады. Сондықтан осы мәселені шешуге Д.Қонаевтың өзі кірісуге мәжбүр болды, ең соңында ол кісінің көмегімен ірі Бартоғай су қоймасы және ұзындығы 168 км Үлкен Алматы каналы іске қосылды. Осының нәтижесінде Алматы облысының көптеген жерінде егін бақшаларды суландыру мәселесі шешілді [8].

Ол кезде Қазақстанда әрбір ірі құрылыс салу үшін Орталықтың (Мәскеудің) рұқсаты керек болатын, осындай жағдайда тіпті Д.Қонаевтың өзі әр түрлі амал пайдаланатын, мысалы, Алматыда үлкен монументалды сарайды салуға Одақтық үкімет рұқсат бермегенде, ол: «Салынатын ғимарат Лениннің 100 жылдығына арналып, оған көсемнің аты беріледі» деп Д.Қонаев хабарлаған соң, Мәскеу рұқсат беруге мәжбүр болады. Сөйтіп, ол кісінің тапқырлығының арқасында қазіргі ерекше үлкен және салтанатты Республика сарайы тез арада салынып болды. Осылай Д.Қонаевтың КСРО басшыларымен сөйлесе білуі, көптеген жағдайда оларды көндіре білуі Қазақстан жағынан баратын бірқатар ұсыныстардың өтіп кетуіне жағдай жасайтын [9].

1955–1985 жылдары Қазақстан экономикасында орасан зор өзгерістер, көптеген ірі кәсіпорындар және өнеркәсіп орталықтары қарқынды жұмыс істеді. Мысалы, республика түрлі-түсті, сирек және қымбат металлдар шығару бойынша Одақта ерекше орын алатын болды. Бұл дәрежеге жетуге Өскемен тау-кен, Лениногор және Ащысай полиметалл комбинаттары, Зырян қорғасын, Павлодар алюминий, Шымкент қорғасын, Ертіс химико-металлургиялық зауыттары және т.б. зор үлес қосты. Олар жыл сайын жаңа қуаттарды іске қосып, өздерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартып отырды [10].

Д.Қонаевтың қатысуымен Қазақстанның қара металлургиясы зор жетістіктерге жетті. Атап отырған кезеңде Соколов-Сарыбай және Лисаковск кен байыту комбинаттары Қазақстан мен Оралдың ірі металлургия орталықтарына айналды [11]. Сонымен қатар Қарағанды металлургия комбинаты КСРО Үкіметінің Қаулысымен салынып, оның негізгі салалары жұмыс істей бастады, бұл алып кәсіпорында болат, құрыш және ақ қаңылтыр қарқынды шығарыла бастады [12]. Осы кезеңде Ермак және Ақтөбе ферросплав зауыттары іске қосылып өздерінің толық қуатына жетті.

Машина жасау және металды өңдеу, республиканың ірі салаларына айналды, мысалы, Павлодар трактор, Целиноград ауыл-шаруашылық машина жасау, Қарағанды, Петропавл, Орал, Алматы машина жасау зауыттары іске қосылып, әр түрлі өнімдер беріле бастады.

Осы кезеңде Қазақстанның шикізат өңдеу жылу-энергетикалық ресурстарын пайдалануда белгілі өзгерістер болды. Соған байланысты Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндері қарқындарын күшейтті, Шевченкодa пластмасс, Қарағандыда резина-техникалық бұйымдар, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, Екібастұз, Ермак ГРЭС-тері, Қапшағай ГЭС-і», Қарағанды ГРЭС-і және Маңғыстауда орта қуатты атом электростанциясы т.б. іске қосылды [13].

Республиканың экономикасындағы ауқымды өзгерістер жергілікті және жеңіл өнеркәсібінде айқын байқалды, осы кезеңде Алматы мақта-мата, Қостанай мата, Өскемен жібек комбинаттары өздерінің толық қуатына жетті, ал Семей, Көкшетау, Қарағанды, Шымкент, Алматы қалаларында ірі тігін фабрикалары өздерінің сапалы өнімдерін бере бастады [14].

Өткен ғасырдың 50–70-жылдары Қазақстанның ауыл-шаруашылығы үлкен жетістіктерге жетті. Солардың ішінде қомақтысы — республикада тың және тыңайған жерлерді игеру болды. Бұл бүкілхалықтық науқанды көрсеткен КСРО тарихшылары біраз жылдар бойы Н.С.Хрущев пен Л.И.Брежневтің рөлдерін ерекше бағалап, оларды науқанды ұйымдастырушы, басқарушы және іске асырушы ретінде мадақтап бақты. Шын мәнінде тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде оның басынан аяғына дейін жүргізілген жұмыстарында Қазақстанның басшысы ретінде Д.Қонаевтың қосқан үлесі зор болды. Тың жерлерді игеру кезеңінде ол кісі көктем, жаз және күз мезгілдерінде республиканың солтүстік аймақтарында міндетті түрде болып тұрды және өзінің көптеген сапарлары

кезінде тың игерушілерге нақты көмек көрсетіп, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға көп мән беріп тұрды. Бүкіл Кеңес Одағында 42 млн гектар тың жерлер игерілсе, оның 25 млн гектары Қазақстанда игеріліп, мұнда 300 астам жаңа совхоздар пайда болды, мыңдаған км жолдар, 70 астам жаңа элеваторлар салынды. Соның нәтижесінде тың және тыңайған жерлерді игерудің арқасында Қазақстан мемлекетке астық беруді 6 жарым есеге көбейтті [15], сөйтіп Қазақстан КСРО-ның ірі астық беруші аймағына айналды.

Сонымен қатар Д.Қонаев Мәскеудің кейбір ұсыныстарын өткізбеуге мәжбүр болды, мысалы, Павлодар қаласын Хрущевград деп атау туралы, Маңғыстауды Түркіменстанға беру туралы. Н.С.Хрущевтың кезінде Оңтүстік Қазақстанның кейбір жері Өзбекстанға берілсе де, кейінгі уақытта Д.Қонаев сол жерлердің бірқатарын қайтарып алды.

Д.А.Қонаевтың Қазақстан мәдениетін дамытуға зор үлес қосқаны туралы айтып кеткен жөн. Осыған орай ол кісінің бұл саладағы әлеуметтік-тұрмыс мәселелерінің бірқатарын шешкені болды. Мысалы, көптеген мәдениет саласындағы адамдардың тұрғын үй мәселесін шешуге көп көмек көрсетті. Осы жылдары Қарағанды, Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа театрлар салынып, іске қосылды, «Қазақфильм» киностудиясы, Қазақ мемлекеттік университетінің қалашықтары пайда болды. 1972 жылы Қарағанды қаласында республикадағы екінші университеттің ашылуы білім және ғылым саласындағы белгілі оқиға болды [16]. Д.А.Қонаев Қазақстан мәдениетінің әр түрлі салаларының дамуына мән беріп, олардың жандануына көп көмек көрсетіп отырды. Олардың ішінде: әдебиет, театр, кино өнерлерін атап кетуге болады, мысалы, Д.Қонаев әрбір спектакль, кинофильм премьераларында міндетті түрде қатысып, өзінің ақыл-кеңесін және ұсыныстарын беріп отырған. Сонымен қатар нақты Д.Қонаевтың қолдауымен М.Әуезов Ленин сыйлығына, көптеген қазақ өнер қайраткерлері, КСРО-ның Мемлекеттік сыйлықтарына ие болды. Д.Қонаевтың өзі де мемуарлық әдебиетке белгілі үлес қосты, осыған байланысты ол кісінің «О моем времени», «От Сталина до Горбачева» деген еңбектерін атап кеткен жөн.

Д.Қонаев қазақ мәдениетінің, оның өкілдерінің қорғаушысы да бола білді. Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында белгілі ақын О.Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы шықсымен, Мәскеуде шығатын «Звезда», «Москва», «Молодая гвардия» журналдары бұл ерекше жазылған еңбекті қатты сынға алды. Сол кездегі Коммунистік партияның екінші адамы М.Сулов бұл кітапты «ұлтшылдық сипатта және орыс халқына қарсы бағытта жазылған еңбек» деп көрсетіп, «Аз и Я» кітабының авторын жазалау керек деген мәселе көтерген [17]. Осы нұсқауды ұстанып, КСРО-ның көптеген газет-журналдары қазақтың жас ақынын әр түрлі негативті түрде көрсетіп, оны құдалаудың идеологиялық негіздерін қалыптастырды. 70-жылдардың басында кеңестік ақпарат құралдары Олжас Сүлейменовты «пантюркизм», тіпті «сионизмге» берілген коммунистік қоғамға қауіпті адам» деп көрсете бастады [18]. Осы кезеңде талантты ақын және зерттеушінің басына қауіп төнгенін сезген Д.Қонаев сол кездегі Коммунистік партияның басшысы Л.И.Брежневпен кездесіп, сол кісі арқылы О.Сүлейменовты қуғын-сүргіннен құтқарып алды [19].

Д.Қонаевтың тікелей ықпалымен 60–80 жылдары бір кезде саяси репрессияға ұшыраған қазақ халқының зиялы өнер қайраткерлері: М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.-Ж.Көпеев, С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, Б.Майлин т.б. ақтала бастады, қазір ол кісілер тарихтағы өз орындарын толық алды деп айтуға болады [20]. Сонымен қатар 1951 жылы Мәскеудің шешімі бойынша «клерикалдық және халыққа қарсы бағытталған» деп тыйым салынған атақты қазақ эпостары: «Қорқыт», «Алпамыс», «Ер-Сайын» және «Қобыланды батыр» қайтадан басылып шыға бастады [21]. Осы кезеңде Қазақстанның тарихына және тарихи мұрасына көп мән берілді, Ұлттық ғылым академиясы республиканың көптеген жерлеріне археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Түркістандағы және Тараз қалаларындағы тарихи ескерткіштерді зерттеу және қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. Жыл сайын Д.Қонаев уақыт тауып, аталған қалаларда болып, соларда жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысып тұрған.

Республика басшылығының нақты көмегімен білім, ғылым, кино өнері және бейнелеу өнерінде көп жағымды жаңалықтар болды, осы жылдары Ә.Қастеев атындағы Республикалық бейнелеу өнері музейі жаңа зәулім ғимаратқа орналасты. Сонымен қатар елмізде радио және телевидение жұмысы жаңа деңгейге көтерілді, мысалы, бірнеше каналы бар телестудиялар республиканың барлық облыс орталықтарында жұмыс істей бастады [22].

Д.А.Қонаев басқарған жылдары Қазақстан әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жағынан Кеңес Одағында Ресей, Украинадан кейінгі үшінші орынға шықты. Республиканың атағы жалғыз Одақ көлемінде емес, сонымен қатар халықаралық аренада белгілі бола бастады.

Әрине, Д.А.Қонаевтың осындай орасан зор еңбегін КСРО-ғы басқарушы Коммунистік партия және Кеңес үкіметі жоғары бағалады, ол кісі үш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алып, 8 мәрте Ленин орденімен және шетелдік мемлекеттердің 12 наградаларымен марапатталды [23].

Қазіргі кезде Кеңес Одағының тарихына, оны басқарған белгілі мемлекет және партия қайраткерлеріне деген әр түрлі көзқарас қалыптасып жатыр. Сондықтан СОКП-ң атақты қайраткері, кеңестік Қазақстанды жарты ғасыр басқарған Д.А.Қонаевтың өмірі мен қызметі зерттеушілерде заңды қызығушылық тудырады, оларды әр түрлі тұжырым жасауға, заманға тарихи тұлғаларға баға беруге итермелейді. Осы жағынан қарасақ, Д.Қонаев өзінің асқан білімділігіне сүйеніп, басқарушы Коммунистік партияның аса беделді қайраткері ретінде СОКП-ның саясатын екпінді жүргізуге мәжбүр болды және бұл жағынан үлкен дәрежеге, көптеген жетістіктерге жетті. Сонымен қатар Димекен КСРО-ның белгілі қайраткері бола тұра өзінің халқына және Отаны — Қазақстанға орасан зор еңбек сіңірді. Кеңес Одағының басшылары жүргізген кейбір қиындар саясатқа қарамастан, ол кісі республикамыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдениетіміздің жандануына ерекше үлес қосты. Сондықтан Қазақстанның өнеркәсіп салаларының ауыл шаруашылығының, мәдениеті мен ғылымының ерекше дамуы Д.Қонаевтың атымен тығыз байланысты. Қандай қызмет атқарса да, ол кісі өзінің ұлтжандылығын, туған жеріне деген патриоттық сезімін анық байқатып отырды.

Өзінің өмірі мен қызметі туралы белгілі публицист Геннадий Толмачевке 1991 жылы берген сұхбатында ол кісі былай дейді: «Мен ұзақ өмір сүрдім және ол өмірде көп жақсылықтар да және қиыншылықтар да болды, бірақ бұл менің өмірім болды. Жас кезімде алдыма қойған мақсатымды орындадым деп айтуға болады. Мен өмір бойы өз халқыма адал қызмет еттім және осы принципті өмірімнің аяғына дейін ұстанам. Осыған орай өткен өміріме өкінішім жоқ және ешкімге ренішім де жоқ».

Қызметтен кетіп құрметті демалыста болса да Димекен өз халқының зор құрметіне бөленді. Мысалы, 1992 жылы Д.А.Қонаев атындағы Халықаралық қор құрылған болатын. Оның мақсаты — Қазақстан Республикасының мемлекеттігін нығайту, елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға қолдау көрсету, қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани мұрасын игеріп, оның өркендеуіне септігін тигізу болды. Аталған қордың қызметі Димекеннің өмір бойы іске асырған жұмыстарының аз да болса жалғасы болып отырған жайы бар.

Тоталитарлық жүйеде қызмет атқарып, КСРО сияқты алпауыт державаның ірі қайраткерлерінің қатарына көтерілген қазақ халқының ардақты ұлы Д.А.Қонаевтың зор еңбегі қазіргі тәуелсіз Қазақстанда да жоғары бағаланады және құрметтеледі. Д.А.Қонаев өмірден өткен соң, 1994 жылы Д.А.Қонаевты еске қалдыру жөнінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған арнайы Жарлық шықты [24]. Соған орай ол жұмыс істеген мекемеге, институтқа оның аты берілді. Тек Алматыда ғана емес, республиканың жер жерінде, елді мекендерде Д.Қонаев атындағы көшелер бар, сонымен қатар Алматыдан бастап басқа мекендерде де ескерткіштер қойылып жатыр.

Ұлы тұлғаның өмірі халыққа өнеге дейміз. Бұл ретте оның атындағы музейдің орны бөлек. Онда Димекеннің көзіндей болған жәдігерлер жинақталған. Дәл осы күндері, Дінмұхамед Ахметұлының 100 жылдығына орай, ол тұрған үй де музей-үйге айналып, есігін халыққа айқара ашты. Қазақстанның Президенті Н.Назарбаев өзінің «50 встреч с Кунаевым» деген кітабында былай деп жазады: «Дінмұхамед Ахметұлы шын мәнінде заманымыздың әйгілі саяси қайраткері болды... Сол кездегі системада Д.Қонаев көп жылдар бойы өте қиын жағдайда үлкен қызмет атқарды... Сондықтан ол кісі Қазақстан тарихындағы ерекше ірі тұлға ретінде қала береді» [25]. Елбасының осы сөздерін негізге алып, қазіргі қазақ тарихшыларының алдағы уақытта да Д.А.Қонаевтың Қазақстанды дамытудағы партиялық-мемлекеттік ерекше қызметін әрі қарай терең зерттеп, оның көптеген жақтарын тарихи-объективтік көзқараспен көрсете беру керек.

## References

- 1 *Kunaev D.A.* About my time. — Almaty: Dauir, 1992. — 314 p.
- 2 Everything for the front, everything for victory! // Documents and photos / Composer: I.N.Buhonova, N.P.Kalita. — Almaty: Kazakhstan, 1985. — P. 67.
- 3 *Kazakhstanskaya pravda.* — 1955. — March, 23.
- 4 *Talimjanuly D.* D.A.Kunaev. Kreml kushagynyn kyspagy // Egemen Kazakhstan. — 2012. — January, 16. — P. 10.
- 5 *Jienbaev S.* He served the country and people // *Kazakhstanskaya pravda.* — 2012. — January, 12. — P. 5.
- 6 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. — 1965 fund. — 2 list. — 515. — 64 p.

- 7 *Malachov O.* Who holds the name of the story // *Kazakhstanskaya pravda*. — 2012. — January, 13. — P. 2.
- 8 *Sabden O.* He lives in the memory of the people. On the 100th anniversary of the D.A.Kunaev // *Kazakhstanskaya pravda*. — 2012. — January, 14. — P. 2.
- 9 History of Kazakhstan (since ancient times to the present). In five volumes. — Vol.5. — Almaty: Atamyra, 2010. — P. 89.
- 10 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. — 1965 fund. — 2 list. — 515. — 59 p.
- 11 *Shaymuhanov D.* Iron and steel industry. — Alma-Ata: Kazakhstan, 1966. — P. 108.
- 12 Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. — 708 fund. — 31 list. — 39. — 13 p.
- 13 *Kahn G.* History of Kazakhstan / Tutorial. — Almaty: Arkaim, 2002. — P. 202.
- 14 *Kazakh SSR: A Brief Encyclopedia* in 4 volumes. — Vol. 2. /Ed. calls.: S.A.Abdildin, I.A.Abugaliev, etc. — Almaty: Main. Revision of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1988. — P. 338.
- 15 *Berkhin I.B.* History of the USSR (1917–1978) / Tutorial. — Moscow: High School, 1979. — P. 476.
- 16 History of Kazakhstan (since ancient times to the present): In five vol. — Vol. 5. — Almaty: Nauka, 1980. — P. 614.
- 17 History of Kazakhstan: A Manual for Students. — Almaty: Kazintergraf, 1998. — P. 102.
- 18 *Olzhas Suleimenov.* Essays, journalism. Poems, poems. AZ-i-IA. — Alma-Ata: Zhalyyn, 1989. — P. 589.
- 19 History of Kazakhstan (since ancient times to the present): In five vol. — Vol. 4. — Almaty: Atamyra, 2009. — P. 645.
- 20 History of Kazakhstan since ancient times to the present (Essay). — Almaty: Daur, 1993. — P. 397.
- 21 *Adambekov B.K.* History of the Russian Empire, the Soviet state and the CIS in the XX century: A tutorial. — Karagandy: Publishing house KarSU, 2005. — P. 189.
- 22 *Rysbayev K.* History of the Republic of Kazakhstan. A textbook for university students. [History of the Republic of Kazakhstan. A textbook for university students] — Almaty: Bilim, 2002. — P. 350.
- 23 The first person in the country: political portraits (in terms of history and modernity) / Eds: E.Aben, E.Aryn and etc. — Almaty: Kazakhstan damu instituty, 1998. — P. 321.
- 24 *Jienbaev S.* Elin tanytkan er // *Kazakhstanskaya pravda*. — 2012. — January, 12. — P. 4.
- 25 *Dysenbaev G.* He will be remembered by the people // *Kazakhstanskaya pravda*. — 2012. — January, 11. — P. 4.

Б.К.Адамбек

### **Роль Д.А.Кунаева в социально-экономическом и культурном развитии Казахстана**

В статье показана всесторонняя деятельность выдающегося партийного и государственного деятеля современности Д.А.Кунаева. С привлечением многих документальных материалов раскрывается вклад этого человека в социально-экономическое и культурное развитие Советского Казахстана в 30–80 годы XX в. Также отмечается, что при Д.А.Кунаеве Казахстан превратился в одну из крупнейших и развитых республик Советского Союза.

В.К.Адамбек

### **The role of D.A. Kunayev in social-economic and cultural development of Kazakhstan**

The article is devoted to display all-round activity outstanding party and the statesman of the present D.A.Kunaev. The many documentary materials with the contribution of this person to socio-economic and cultural development of the Soviet Kazakhstan in the 30–80 years of the 20th century were attracted. In addition, under D.A.Kunaev rule Kazakhstan become one of the largest and most developed republics of the Soviet Union was noted.